<p>Өтіпелі тақырып: Менің отбасым. (Қараша)</p> <p>1 апта Менің отбасым - ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің еңбегі. 01-05.11</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез - құлық негіздері(0,5)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері(2) Көркем әдебиет(1)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1)</p>	<p>Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру (1)</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) Өзін - өзі тану (1)</p>
	<p>Дене шынықтыру 1.Белгі бойынша тоқтап жүру және жүгіру. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап жүруге және жүгіруге үйрету. Заттар арасынан еңбектеп жүруге жаттықтыру. 2. Аттап жүру Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Жылдамдық а және ептілікке үйрету.кесек ағаштан аттап жүруге үйрету. Қауіпсіз мінез – құлық негіздері. Қалай дұрыс тамақтану керек. Дәрумендер. Балаларға дұрыс тамақтану мәдениетімен таныстыру. Тамақтану мәдениеті туралы ережені ұстай білуге үйрету. Жемістер мен көкөністер қандай дәрумендер болатынын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту "Менің отбасым" (Сурет бойынша әңгіме) Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Отбасы тақырыбына сурет бойынша сөйлем құрап айтуға,дыбыстарды анық,таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап,кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері О,Ө дыбысы мен әрпі Балаларды О,Ө дыбысымен және әрпімен таныстыру. О,Ө дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. О,Ө дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау.Одыбысы менӨ дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назар аудару. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері О,Ө дыбысы мен әрпі Балаларды О,Ө дыбысымен және әрпімен таныстыруды жалғастыру. О,Ө дыбыстар кездесетін сөздерді қатыстырып ,сөйлемдер құрастыра білуге үйрету. О,Ө дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау.Одыбысы менӨ дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назар аудару. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу.</p>	<p>Математика негіздері " 5 саны және цифры" 5 саны және цифрымен таныстырып, цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету.заттарды санау және реттік санау қабілетін ұштау, 5 цифрын тану және дұрыс бейнелеуге үйрету.5 цифрын тауып алуға арналған тапсырмаларды орындату. Заттарды санауға және оларды топтастыруға, салыстыруға үйрету; Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Менің отбасы мүшелерім» Балаларды өзінің отбасы,жақсы көретін адамдары,олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру.Әңгімелесу барысында амандасу,қоштасу,алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты</p>	<p>Сурет салу «Атама арналған тымақ» Балаларға отбасы туралы түсінік беріп. Аталарына арнап тымақтың суретін салуды үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жапсыру "Әдемі орамал әпкемі" Балаларды киім түрлерімен таныстырып, басқа орайтын орамалды жапсыруды үйрету. Түрлі түсті қағаздан геометриялық пішіндерді қайшымен қиюды пайдалана білу дағдыларын жетілдіру. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеу Жұмысты соңына дейін бітіруге дағдыландыру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу Мүсіндеу «Орамалды Әжеме әшекейлеу» Ою – өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Қазақтың ұлттық ою өрнектерінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін ермексазбен мүсіндеу жолдарын меңгерту, эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу. Ермексазды пайдалана білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру «Менің отбасым» Балаларды өзінің отбасы,жақсы көретін адамдары,олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беру. Басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың да ата-аналарының қамқорлық жасайтыны туралы білу,түсіну. Әңгімелесу барысында амандасу,қоштасу,алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету Өзін - өзі тану "Менің туыстарым" Отбасы құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасылық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту. Қуанышты көңіл күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру. Отбасы</p>

		Тазалықты сақтауға ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<p>Орыс тілі Мои бабушка и дедушка. 0.1.5.1 Демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простое предложение) действия. 0.4.2.1 Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры. 0.5.1.3 Использовать слова, обозначающие действия предметов</p> <p>Көркем әдебиет Әке мен бала» (әңгімесі) Мақсаты: Әңгімені тыңдай білу дағдыларын дамыту. Үлкендерді тыңдауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Отбасы тақырыбына сурет бойынша сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.</p>	сөздерді қолдануға үйрету		мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Өтіпелі тақырып: Менің отбасым. (Қараша)	2 апта . «Мамандықтың бәрі маңызды» 08-12.11	Дене шынықтыру (3)	Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері(2)	Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру(0,5)	Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру (1)	Өзін - өзі тану (1)

	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1. Музыкалық ырғақты жаттығулар. Бір қалыпты баяу жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. Белгілі бағыт бойынша жүгіру бойынша жетілдіру.</p> <p>2. Командалық ойындар Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>3. Бөрене үстінде еңбектеу Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді- шапшаңдықпен, ептілікті дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Мамандықтың бәрі жақсы (Сурет бойынша) Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік беру. Шаштараз, аспазшы, дәрігер, құрылысшы мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Балалардың мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету, білімдерін жетілдіру. Суреттер бойынша әңгімелеу, сөздік жұмыстары арқылы сөзді қорларын молайту, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Еңбекқор болуға, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Көркем әдебиет «Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең) Мұзафар Әлімбаев. Мақсаты: Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту. Тақпақ, мақал-мәтел, жұмбақ шешу арқылы болашақ мамандыққа қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Сауат ашу негіздер Т дыбысы мен әрпі Балаларды Т дыбысымен және әрпімен таныстыру. Т дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздер Т дыбысы мен әрпі Балаларды Т дыбысымен және әрпімен таныстыруды жалғастыру. Өткен дыбыстарды қайталау, зейінін бақылау. «Т» дыбысымен таныстыра отырып, сөздер, сөйлем құрауға және дұрыс буынға бөлуін қадағалау. Қолдарын әдемі жазуға тәрбиелеу және қызығушылығын арттыру.</p> <p>Орыс тілі</p>	<p>Математика негіздері " 6 саны және цифры" 6 саны және цифрымен таныстырып, жазуды үйрету. 6 цифрын тауып алуға арналған тапсырмаларды орындату. Заттарды санауға және оларды топтастыруға, салыстыруға үйрету; Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Маман және құралдары. Ұжымдық жұмыс. Мамандықтар туралы түсінік беру. Шаштараз, аспазшы, дәрігер, құрылысшы мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Ортада әр мамандықтар болады. Балалар мамандыққа сәйкес құралдарын топтастырып құрастырады. Ұйымшылдыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану «Мамандықтың бәрі жақсы» Адамдардың әртүрлі мамандықтар туралы балалардың білімдерін жетілдіру. Балалардың дәрігер, мұғалім, кенші, дүкенші, шаштараз мамандықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Бір – бірінен ажыратуға ж/е мақалдардың мазмұнын түсінуге ынталандыра отырып</p>	<p>Сурет салу Мамандықтың бәрі жақсы. (Шаштараз құралдары) Мақсаты: Тәрбиелеу: Таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу. Дамыту: Балалардың қызығушылығын арттыру Оқыту: Шаштаразшының құралдарын еске түсіріп қайшы мен таракты салуға үйрету. Жапсыру Мамандықтың бәрі жақсы. (Құрылысшы құралдары) Мақсаты: Балалардың мамандық туралы түсінігін нығайту. Балаларға әр мамандық иесінің өз еңбек құралдары болатыны туралы түсінік беру. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды жапсыруға, оларды дұрыс орналастырып және жапсыру дағдыларын қалыптастыру, танымдық қабілеттілікпен орындауға тәрбиелеу.</p> <p>Мүсіндеу Мамандықтың бәрі жақсы (Аспазшы құралдары) Балаларға мамандық иелері және олардың еңбектері туралы түсінік беру. Балалардың мүсіндеу іскерлік дағдыларын жетілдіру, илеу, шымшып созу, тегістеу. Елесті, қолдың ұсақ моторикасын, қиялын, есте сақтау қабілеттерін, көркем қабылдауларын дамыту. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка(2) (Маманның жоспары бойынша)</p>	<p>Өзін - өзі тану Отбасылық мерекелер. Бақыт, қуаныш Бақыт, қуаныш құндылықтарының мәнін түсіндіру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне деген қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>Где работают родители? 0.1.2.1 Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий). 0.3.1.1 Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.</p>	<p>үлкендердің еңбе гін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>		
--	--	--	--	--	--

<p>Өтпелі тақырып: Менің отбасым. (Қараша)</p>	<p>3 апта Менің үйім(жиһаздар мен ыдыстар) 15-19.11</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез - құлық (0,5)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1) Көркем әдебиет (1) Сауат ашу негіздері (2)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1)</p>	<p>Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру(1)</p>	<p>Өзін - өзі тану (1) Қоршаған ортамен танысу(0,5)</p>
		<p>Дене шынықтыру 1. «Сылдырмақтар» ойыны. Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру. «Сылдырмақтар» ойынының шартын түсіндіру.негізгі қасиеттерді-шапшаңдық,ептлікті дамыту. 2. Орындықта орындалатын жаттығулар. Тепе-тендікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңету. Қимыл –қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. Қауіпсіз мінез – құлық негіздері. Судың денсаулыққа</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Ыдыстар Сурет бойынша әңгіме Ыдыс-аяқтар туралы түсініктерін кеңейту. Жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастыру. Балаларға, ыдыстардың не үшін керектігін түсіндіріп, атауларын дұрыс атап үйрету. Оларды сындырмауға тырысу керектігін түсіндіру. Сөздік қорын кеңейтіп, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет «Ыдыстар мен жиһаздар» «Үш аю ертегісі» Мақсаты :Үй – ішіне қажетті жиһаздар мен ыдыстар туралы кеңінен түсіндіру. Балаларға жиһаздар мен ыдыстар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру.Балалардың тіл байлығын дамыту. Жиһаздар мен ыдыстарды күтіп баптап ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері У дыбысы мен әрпі</p>	<p>Математика негіздері " 7 саны және цифры" 7 саны және цифрымен таныстырып, жазуды үйрету. Цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету.7 цифрын тауып алуға арналған тапсырмаларды орындату. Заттарды санауға және оларды топтастыруға, салыстыруға үйрету; Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Жиһаз – үй сәні Балаларға жиһаз және оның түрлері туралы мағлұмат беру және жиһаздар туралы әңгіме. Балаларға жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру. Балабақшадағы және өз үйіндегі жиһаздарға күтіммен қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Әдемі кесе Балаларға ыдыстар және ұлттық ыдыстар туралы түсінік беру. Балаларға әдемі кесенің суретін салғызып оны әртүрлі өрнектермен әшекейлеуге үйрету; еңбек нәтижесіне жетуде баланың шығармашылық қабілетін, ой-қиялын дамыту. Ыдыс – аяқтарға күтіммен қарауға тәрбиелеу. Мүсіндеу Ыдыстар (шәйнек пен кесе) Ыдыстардың түрлері және оның қызметі туралы түсінік беру. Дамытушылығы: Ұсақ кол қимылдарын дамыту. Мүсіндеу іскерлік дағдыларын жетілдіру (созу, есу, домалақтау, тегістеу) Тәрбиелік мәні: Бір – біріне өзара көмекке дайын болу сезімдерін тәрбиелеу. Жапсыру «Үстел мен орындықтар » Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу «Үйдегі жиһаздар» Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк , төрт аяғы бар) үйрету; Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету; Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту; Жиһаздары күтуге тәрбиелеу. Өзін - өзі тану Отбасындағы қуаныш Бақыт, қуаныш Бақыт, қуаныш құндылықтарының мәнән түсіндіру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне деген</p>

	<p>пайдасы. Пайдалы кеңестер мен жағымсыз әдеттер.</p> <p>Балаларға судың пайдасы туралы айтып түсіндіру.</p> <p>Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау әдебіне дағдыландыру.</p> <p>Адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларды У дыбысымен және әрпімен таныстыру. У дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. У дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p> <p>Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p>У дыбысы мен әрпі</p> <p>Балаларды У дыбысымен және әрпімен таныстыру. У дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. У дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. «У» дыбысымен таныстыра отырып, сөздер, сөйлем құрауға және дұрыс буынға бөлуін қадағалау. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі</p> <p>Как мы проводим выходной день?</p> <p>0.2.2.1 Создавать высказывания не менее 2-3 простых предложений (с помощью учителя).</p> <p>0.4.1.1 Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.</p> <p>0.5.1.4 Согласовывать имя существительное и глагол в числе.</p>		<p>бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк , төрт аяғы бар) үйрету; Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету;</p> <p>Жиһаздың әр түрлі формасын, көлемін, мөлшерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде жапсыруды үйрету. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды жапсыруға, оларды дұрыс орналастырып және жапсыру дағдыларын қалыптастыру, танымдық қабілеттілікпен орындауға тәрбиелеу.</p>	<p>қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамыту.</p> <p>Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	---	---

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: Менің отбасым. (Қараша)</p> <p style="text-align: center;">4 апта Мен және менің киімдерім, дене мүшелерім. 22-26.11</p>	<p>Дене шынықтыру (3)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері (2)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру(0,5)</p>	<p>Сурет салу(1) (2) Жапсыру(1)</p> <p style="text-align: right;">Музыка Мүсіндеу (1)</p>	<p>Өзін - өзі тану (1)</p>
	<p>Дене шынықтыру 1. Оң және сол қолдарымен лақтыру. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту . Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыру.Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. 2.Бастаушыны ауыстырып жүру және секіру. Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету.Гимнастикалық орындық үстінде еңдектеуді қайталау. 3.Көлденең керілген жіптің немесе таяқтың астынан өту. Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. Мәнерлілігін дамыту. Икемділіктерін дмыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Киімдер дүкені» (Сурет бойынша әңгіме) Балаларды киім дүкенімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету; Бір-екі сөздермен сөйлем құратып, ауыз екі сөйлеу түрлерін дамыту; Балаларға киімдер туралы түсінік беру. Киімдердің атауларын атап айту арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамдардың еңбектерін бағалауға және киімдерін күтіп ұстауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Ә. Дүйсенбиев «Қолғап» өлеңі. Мақсаты: «Қолғап» өлеңінің мазмұнын түсіне отырып, жаттауға үйрету. «Қолғап» өлеңін жатқа айтқыза отырып,қыстық киімдер туралы және олардың пайдасы,жасалу жолдары туралы түсініктерін арттыру.Дүние танымын,тілін дамыта отырып сөздік қорын молайту. Сауат ашу негіздері Ш дыбысы мен әрпі Балаларды Ш дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ш дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. Ш дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Ш , Щ дыбысы мен әрпі Балаларды Ш,Щ дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ш,Щ дыбысы</p>	<p>Математика негіздері " 8 саны және цифры" 8 саны және цифрымен таныстырып, жазуды үйрету. Сандық және реттік санау. 8 цифрын тауып алуға арналған тапсырмаларды орындату. Заттарды санауға және оларды топтастыруға, салыстыруға үйрету; Жаратылыстану «Адамның дене мүшелері» Балаларға дене мүшелері, денсаулық туралы және түсініктер беру және дене мүшелеріне байланысты айтылған тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру, адам денесінің құрылысымен таныстыру. Балаларды дұрыс қозғалуға, бұлшық еттерін, буындарын созылудан, сынудан, шығарып алудан сақтануға үйрету. Қимыл-қозғалыс арқылы сымбатты болып өсуіне, ыстық-суыққа төзімді шыныққан, шымыр болып өсуге тәрбиелеу. Құрастыру Адамның дене мүшелері және киімдері. (қатты қағаздан құрастыру) Балаларға адамның дене мүшелері және киімдер</p>	<p>Сурет салу Қолғап Балаларға қысқы киімдер туралы түсінік беру. Балалар өздеріне ыңғайлы әдемі жарасымды қолғаптарын қылқаламмен қағаз бетіне түсіруге үйрету. Оны өздері қалаған оюмен әшекейлеп салу.</p> <p>Мүсіндеу портреті жазықтық тәсілмен мүсіндеуге үйрету.Адамның бет әлпетіне тән ерекшеліктерін (көз, мұрын,ауыз,шаш) беру, мүсіндеудің түрлі тәсілдерін жетілдіру.Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Жапсыру "Қуыршаққа арналған көйлек" Балаларға киімдер туралы түсінік беру. Түрлі -түсті қағаздан қуыршаққа арналған көйлек жасау жолдарымен таныстыру.дайын үлгіні қайшымен қиып және оны өрнектермен безендіру арқылы жапсырту. Қайыншыны, желімді, сүлгіні қолдану дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: right;">Досымның Портретті</p>	<p>Өзін - өзі тану Достық неден басталады Достық, бірлік құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету. Қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту. Достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Айнала, қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.</p>

		<p>кездесетін сөздерді ойлап табу қабілеттерін дамыту. Ш,Щ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Ш,Щ дыбысымен таныстыра отырып, сөздер, сөйлем құрауға және дұрыс буынға бөлуін қадағалау. Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Моя одежда. 0.3.1.1 Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. 0.5.1.4 Согласовывать имя существительное и глагол в числе. 0.5.1.2 Использовать слова, обозначающие один и много предметов.</p>	<p>туралы түсінік бере отырып, қатты қағаздардан қайшыны дұрыс қолдану арқылы дене мүшелерін және киімдерді киіп, дұрыс орналастырып құрастыруға бағыт беру . Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.</p>		
--	--	--	--	--	--

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: Менің елім - Қазақстан (желтоқсан)</p> <p style="text-align: center;">Іапта Қазақстан Тұңғыш Президентінің күні 29.11-03.12</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сауат ашу негіздері (2) Көркем әдебиет (1) Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1)</p>	<p>Жапсыру (1) Сурет салу(1) Мүсіндеу (1) Музыка (2)</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) Өзін - өзі тану (1)</p>
	<p>Дене шынықтыру 1. Балалардың денсаулықтарын нығайту Гимнастикалы қ орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту Ұжым болып ойнауға, адамгершілік қасиетіне тәрбиелеу. 2. Жүгіруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Балалардың денсаулықтарын нығайту Жүгіруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету</p>	<p>Сауат ашу негіздері «С дыбысы мен әрпі» С дыбысы мен әрпімен оның әріп таңбасымен таныстыру. С дыбысы бар сөз сөйлем ойлап табуына назар аударту. Дамыту ойындарын пайдаланып, еңбектенуге ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың тілдік, сөздік қорына мән беріп, ойлау қабілетін қиялын дамыту. Көркем әдебиет «Отан» (такпак) Ф. Оңғарсынова Балаларға туған жер Отан туралы түсінік беру. Отан туралы такпактың мағанасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын дамыту Отан туралы такпакты анық дұрыс жаттауға үйрету. Такпакты есте сақтауға зейінділікке, елін жерін гүлдендіруге, патриоттыққа тәрбиелеу Сөйлеуді дамыту «Менің елбасшым» (сурет бойынша әңгіме) Балаларға тұңғыш президент туралы түсінік беру. Ел басы туралы сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту Есте сақтауға зейінділікке ұқыптылыққа, Отанын елін жерін сүюге тәрбиелеу. Орыс тілі Моя малая Родина (город/село) 0.1.5.1 Демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простое предложение) действия. 0.2.3.1 Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими</p>	<p>Математика негіздері «9 саны мен цифры» 9 саны цифрмен таныстыру 9 санының пайда болуы мен 9 санының құрамын анықтау. Ою – өрнектерді пайдаланып екі санды қосу арқылы 9 саны жету. 0- ден 9-ға дейін ауызша жазбаша тура санай блуге үйрету. 6 саны төңкерілген кезде 9 саны пайда болатынын өрнектерде осы саның орны ауысып, кетсе амалдар дұрыс шықпайтынын түсіндіріп, балалардың ойлауесте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>Жапсыру «Ақорда» Балаларға Қазақстанның тұңғыш президенті туралы сурет бойынша әңгімелеу. Түрлі- түсті қатты қағаздан Ақорданы жапсыруды үйрету Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалану дағдыларын жетілдіру Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты желімдеуге жаттықтыру. Әшекейлеу дағдыларын арттыру; сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу. Қазақтың өнеріне қызығушылығын тудыру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу Сурет салу «Гүлдене бер Қазақстан» Балаларға Қазақстан Тұңғыш Президентінің күні туралы түсінік беру. Сурет салу жолдарын көрсетіп, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Қылқалам мен жұмыс сай білуге үйрету. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке таза ұқыпты, сала білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу. «Бәйтерек» Балаларға Қазақстан Республикасы, рәміздері туралы түсінік беру. Басқаламыз Нұрсұлтан қаласындағы Бәйтеректің әсемдігі әңгімелеу. Түрлі- түсті ермексаз түстерін дұрыс таңдай отырып, Бәйтеректі мүсіндегіі үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тазалдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» Балаларға Қазақстан Республикасы туралы және Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні туралы түсінік беру. Сөздік қорларын молайту. Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды өз елбасшыларына құрметпен қарауға және өз Отандарын қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Өзін - өзі тану «Адал дос» Адалдық адал дос туралы түсініктерін кенейту. Адал дос туралы түсінік беру. Адалдық қасиеттерін дамыту, Адал дос болуға тәрбиелеу.</p>

		фразами, используя образец, мимику, жесты. 0.3.1.1 Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.			
--	--	--	--	--	--

Өтпелі тақырып: Менің елім– Қазақстан (Желтоқсан)	2 апта Ғажайып қыс (табиғаттағы маусымдық өзгерістер) 06-10.12	Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)	Сауат ашу негіздері (2) Көркем әдебиет (1) Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1)	Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5) Орыс тілі (1)	Жапсыру (1) Сурет салу (1) Мүсіндеу (1) Музыка (2)	Өзін - өзі тану (1)
		1.Дене шынықтыру «Еңбектеу арқылы таяқтың астынан өту» Еңбектеу дағдыларын қалыптастыру, нұсқаулыққа берліген белгі бойынша жылдам шапшандыққа үйрету. 2. Көлденең қойылған нысанаға лақтыру. Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру.Көлденең мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, бекіту 3. Бір орыннан ұзындыққа секіру. (қайталау) Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты	Сауат ашу негіздері «Д дыбысы мен әрпі» «Д» дыбысы және әріп таңбасымен таныстыра келіп, балалардың сөздің мәдениетін сақтап, анық таза сөйлеуге үйрету Сөйлем ойлап табуына назар аударып, сөздік қорын толықтыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сауат ашу негіздері Д дыбысы кездесетін сөздерді ойлап табу. Буынға бөлу, қабілеттерін дамыту. Д әріпін дәптерге баспа түрін жазғызу . Ауада жазғызып үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру Сауаттылыққа, зейінділікке және әдемі жазуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет" «Ақ қар қыз» (ертегісі) Балаларды ертегіні таныстыра отырып, ертегінің мағынасын, тәрбиелік мақсатын түсіне білуге баулу. Балаларды	Математика негіздері «10 саны мен цифры» 10 саны мен және оның таңбалануы көзделеді 10 санының екі таңбалы сан кендігін түсіндіру.1-ден 10-ға дейін тура және кері санату. 10 таяқшадан геометриялық фигуралар құрастыру.10 санын жаздыру. Жаратылыстану «Қыс мезгілі» Қыс мезгілі ,қар,қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсініктерді қалыптастыру. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Қыс мезгілінде болатын құбылыстар жайлы айтып, тілдерін,ой-өрістерін дамыту. Құрастыру «Қысқы табиғатты құрастыру» (ұжымдық) Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Түрлі – түсті қатты	Жапсыру "Қысқы түн" Қысқы табиғат көріністерін әңгімелей білу дағдыларын жетілдіру, жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету. Өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру. Табиғатты сүюге, қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу «Қысқы табиғат" Қысқы табиғат әсемдігін сезініп, қысқы табиғатты мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту түстерді сәйкес дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру.Қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, әңгімелей білу дағдысын арттыру, достыққа , ұйымшылдыққа тәрбиелеу Сурет салу «Қыстағы жапырақсыз қайың» Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету, жапырақсыз ағашты салу техникасымен таныстыру, эстетикалық талғамдарын дамыту, табиғатқа деген	Өзін - өзі тану Достық бірлікте. Достық бірлік құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал жасау.Қамқорлық бірлік, туралы түсініктерін кеңейту.. Достық қарым-қатынасдағдыларындам ыту.Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.

	<p>алшак ұстап допты домалату.</p>	<p>адамгершілікке, , мейірімділікке тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту "Қыс" (қыс туралы мақал- мәтелдер жаттату.) Балаларға қыс мезгілі туралы мағлұмат беру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіндіру Қыс мезгілі туралы мақал- мәтелдер жаттату.. Мақал- мәтелдерді анық, дұрыс мағасын түсіне білуге үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту. Есте сақтауға зейінділікке тәрбиелеу. Орыс тілі Мне нравятся зима и лето. 0.1.5.1 Демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простое предложение) действия. 0.4.1.1 Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков. 0.5.1.3 Использовать слова, обозначающие действия предметов.</p>	<p>қағаздардан қысқы табиғат көрінісін құрастыруды үйрету. Балалардың ой-қиялын дамыту,өздігінен дербес әрекет етуге баулу,есте сақтау арқылы түрлі бейнелер жасай білуге дағдыландыру,саусақ,қол бұлшық еттерін дамыту,бірлесіп еңбек ете білуге,өзара түсіністікке тәрбиелеу.</p>	<p>сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	
--	------------------------------------	--	--	--	--

<p>Өтпелі тақырып: Менің елім Қазақстан (Желтоқсан)</p>	<p>3 апта Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. 13-17.12</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері (2)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1)</p>	<p>Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру (1)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (0,5) Өзін - өзі тану (1)</p>
		<p>Дене шынықтыру Дене шынықтыру Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру. Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді шапшандық, ептілікті дамыту. Балалардың ынтымақта ойнауына көңіл бөлу. Қауіпсіз мінез- құлық негіздері «Жабайы жануарлар, жәндіктер, табиғат-тіршілік нәрі» Балаларға флора және фауна туралы мәлімет беру Өсімдік және жануарлар әлеміне деген жауапкершілікті ,ұқыпты қарым-қатынасты қалыптастыру .Күн,ауаның барлық тіршілік иелеріүшін маңызы туралы түсінік беру .</p>	<p>Сауат ашу негіздері « Ы дыбысы мен әрпі» Ы дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Ы дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ы дыбысының дауысты дыбыс болып аталатынын Ы дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назар аударту . Сауат ашу негіздері Ы дыбысы бар сөздер айтып талдау сөз, туралы ұғымдарды кеңейту. Балалардың ойлауын, сөйлеу тілін дамыту Ы әрпінің баспа түрін жазуды үйрету. Ы дыбысын ауада жазғызып үйрету. Дауысты дыбыстарды қызыл текшемен белгілеуді үйрету. Сөйлеуді дамыту «Туған жер» (тақпақ) М. Дулатұлы . Балаларға Туған жер туралы түсінік беру. Туған жер туралы тақпақты оқып, мағанасын түсіндіре отырып, жаттату.Туған жерін елін қорғайтын патриот болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Моя Родина – Казахстан.</p>	<p>Жаратылыстану «Еліміздің ірі қалалары » Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру,олардың көрікті жерлерімен таныстыру.Қала мен ауылдың айырмашылығын түсіндіру.Еліміздің ірі қалалары туралы білімдерін кеңейту.Туған елге сүйіспеншілік сезімдерін ояту,отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>Жапсыру «Ханшатыр». Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік беру. Бас қаламыз Нұрсұлтандағы Ханшатыр туралы әңгімелеп түсіндіру.Түрлі- түсті қатты қағаздан ханшатырды киып, жапсыруды үйрету.Қайшымен жұмыс істеу іскерлігін меңгерту. Шығармашылық қабілеттерін байланыстырып сөйлеулерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу «Менің Отаным» Балаларға тәуелсіздік мерекесі туралы толық түсінік беру.Рәміздер туралы сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру.Отанын, елін қорғауға патриоттыққа тәрбиелеу.</p>

		<p>0.1.1.1 Произносить и различать звуки в словах и фразах.</p> <p>0.2.2.1 Создавать высказывания из не менее 2-3 простых предложений (с помощью учителя).</p> <p>0.4.2.1 Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.</p>			
--	--	---	--	--	--

Өтпелі тақырып: Менің елім Қазақстан (Желтоқсан)	4апта Жаңа жылдық сыйлықтар 20-24.12	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері (2)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)</p>	<p>Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру (1)</p>	<p>Өзін - өзі тану (1)</p>
		<p>Дене шынықтыру 1.Орындықпен орындалатын жаттығулар Орындықпен орындалатын жаттығулар түрімен таныстыру.шапшандық, ептілік қасиеттерін дамыту. Бір қатар тізбекпен жүріп отыруға үйрету. 2.Тепе теңдікті сақтау жаттығулары. Тепе теңдікті сақтау жаттығуларын қалыптастыру. шапшандық,ептілік қасиеттерін дамыту. Кішкентай шығыршықпен орындалатын жаттығуларды үйрету. 3. Дене шынықтыру Бір орыннан ұзындыққа секіру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері « М дыбысы мен әрпі дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. М дыбысын сөз ішінен таба білу, дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. М дыбысына мысалдар ойлату арқылы сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойындарды ойнатып, баланың ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту.</p> <p>Сауат ашу негіздері М дыбысынан басталатын сөздерді буынға бөліп, текшемен белгілеуді үйрету.М дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назар аударту. М әрпінің баспа түрін таза ұқыпты жазуға тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Математика негіздері «Есептер құрастыр оны шығар» Суреттерді пайдаланып есептер құрастыру. Оның нәтижесін табудағы басты міндет- баланың тілін дамыту грамматикалық дұрыс байланыстырып, баланы сурет бойынша сөйлетуге және есептерді құрастырып, оны шығара білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану «Жаңа жылды қарсы аламыз» Балаларға Жаңа жыл мерекесі,Аяз ата,Ақшақар жайлы түсініктер беру, мерекенің белгісі шыршамен таныстыру.Балалардың Жаңа жыл мерекесі туралы алған білімдерін кеңейту. Адам өміріндегі мерекелердің және ұлттық мерекелердің мәнін ашып көрсету. Мерекелерге дайындалу</p>	<p>Жапсыру «Түрлі -түсті қағаздан шырша ойыншықтарын жасау» Балаларға жаңа -жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. Түрлі – түсті қатты қағаздардан сыйлықтар жасау тәсілін үйрету. Қайшымен дұрыс қиюға ,жұмысты аяғына дейін жеткізуге ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сурет салу «Шырша сыйлықтары» Балаларға қыс мезгіліндегі ойындар туралы түсінік беру, қыс көрінісін сипаттап, суретін салуды үйрету. Шыршаны сыйлықтармен безендіруді үйрету.Қысқы ойындардың денсаулыққа зор ықпалының барын түсіндіріп, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Таза ұқыпты сала білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Өзін - өзі тану Достық әлемі Достық, бірлік татулықұғымдарын түсіндіру.Өзара татулық сезімдерін дамыту.Достықтықадірл ей білуге тәрбиелеу.</p>

		<p>Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Тепе теңдікті сақтау және бағдарлай білуге біліктіліктерін дамыту гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту.</p>	<p>«Қош келдің, Жаңа жыл!» (Сурет бойынша) Сюжеттік суреттер сериясы бойынша жүйелі әңгіме құрастыруды үйрету. Жаңа жыл мерекесі туралы балалардың білімін бекіту. Әңгіме «Қар бүршігі» зейінді дамыту ойыны «Сөзді таңда» Д/О «Шыршаны әшекейлейміз» әңгіме құрастыру. Көркем әдебиет «Ақ қар қыз» Балаларды ертегіні таныстыра отырып, ертегінің мағынасын, тәрбиелік мақсатын түсіне білуге баулу. Балаларды адамгершілікке, есте сақтауға, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Путешествие по карте Казахстана. 1.1.1.1 Произносить и различать звуки в словах и фразах. 0.4.2.1 Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры. 0.5.1.1 Использовать в речи слова, обозначающие предметы.</p>	<p>барысында жағымды эмоцияларға тәрбиелеу Құрастыру «Шырша ойыншықтары» Балаларға Жаңа- жыл мерекесі туралы түсінік беру. Шырша туралы сурет бойынша әңгілеп, түсіндіру. Түрлі- түсті қатты қағаздан шыршаға ойыншықтар құрастыруды үйрету. Құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру. Таза ұқыпты құрастыруға тәрбиелеу.</p>	<p>Мүсіндеу «Аяз- Ата» Балаларға Жаңа- жыл мерекесі туралы түсінік беру. Ермексаздан Аяз- Атаны мүсіндеуді үйрету. Ермексаз түстерін дұрыс таңдай білуге дағдыландыру. Ширату шымшу, созу тәсілдерін қолдана отырып, Ермексаздан Аяз- Атаны мүсіндеуді үйрету. Таза лыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	
--	--	--	---	--	--	--

<p>Өтпелі тақырып: Менің елім Қазақстан (Желтоқсан)</p>	<p>2 апта Қысқы ойындар 27-31.12</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (1) Сауат ашу негіздері (2)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)</p>	<p>Сурет салу(1) Музыка (2) Мүсіндеу (1) Жапсыру (1)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (0,5) Өзін - өзі тану (1)</p>
		<p>Дене шынықтыру «Қыс келді» Далада ойналатын жаттығу түрлерін үйрету. Мәнерлігін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу</p> <p>2. Дене шынықтыру Көлденең керілген жіптің немесе таяқтың астынан өту. Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. Мәнерлігін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сауат ашу негіздері «Қ дыбысы мен әрпі» Қ дыбысы мен әрпімен таныстыру. Қ, дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға дауыссыз дыбысты көк текшемен белгілейтінін түсіндіру Мысалы: Қоян, күріш т.б., қ, дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назараударту.</p> <p>Сауат ашу негіздері Қ әрпінен басталатын сөздерді буынға бөлгізу және текшемен белгілеуді үйрету.Қәрпінің баспа түрін жазуды үйретуҚ, дыбысының дауыссыз дыбыс болып аталатынын, қ, дыбысын айтқандағы үн ерекшелігіне назар аударту. Қ, кәрпін ауада жазғызып үйрету</p> <p>Сөйлеуді дамыту «Көңілді қыс және қысқы ойындар» Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру.Қыс мезгілінде ойнайтын ойындар туралы сурет бойынша әңгімелеу. Қыс мезгінің табиғатты туралы түсіндіру.ойын түрлерін, есте сақтауға және ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Орыс тілі Чему я научился?</p>	<p>Математика негіздері «Шама»(ұзындық ен биіктік қалыңдық) Балаларға шама туралы түсінік беру. Ұзындық ен биіктік қалыңдықтарды ажырата білуге үйрету. Есте сақтауға зейінділікке ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану «Қысқы ойындар» Балаларға қысқы табиғат көрінісі бойынша түсіндіру. Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Балаларға қысқы ойындар туралы түсінік беру. Қысқы ойындар туралы сурет бойынша әңгімелей беруге қалыптастыру. Сөзік қорларын молайту, сөз сөйлем ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың ойлау қабілетін, түйсігін, сөйлеу мәнерін дамыту.</p> <p>Құрастыру. Тақырыбы: Түлкі бикеш. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту, құрастыруда бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеуге баулу, түстерді тану білімін тексеру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық</p>	<p>Жапсыру «Аққала» Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Аққала түсіне назар аударта отырып, Аққаланы геометриялық пішіндерді қолдана отырып, кию тәсілдерін меңгерту.Жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру.Ұқыптылыққа тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Мүсіндеу «Шана» Қысқы табиғат әсемдігін сезініп, шананы мүсіндей білуге үйрету.Ұсақ қол қимылдарын дамыту түстерді сәйкес дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру.Қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, әңгімелей білу дағдысын арттыру, достыққа , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	

		<p>0.2.2.1 Создавать высказывания не менее 2-3 простых предложений (с помощью учителя).</p> <p>0.4.1.1 Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.</p> <p>0.5.1.4 Согласовывать имя существительное и глагол в числе.</p>	<p>еттерінің қозғалысын жетілдіру.</p> <p>Жануарларды қорғауға тәрбиелеу</p>		
--	--	--	--	--	--

<p>Өтпелі тақырып: Табиғат әлемі (қаңтар)</p>	<p>1апта Ғажайыптар әлемі тірі және өлі табиғат 03-07.01</p>	<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сауат ашу негіздері (2) Көркем әдебиет (1) Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1)</p>	<p>Жапсыру (1) Сурет салу(1) Мүсіндеу (1) Музыка (2)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (0,5) Өзін - өзі тану (1)</p>
		<p>Қауіпсіз мінез- құлық негіздері «Жақсы деген немене, жаман деген немене, қоғамдық орында өзін ұстай білу ережесі». Баланың өз орны жайлы түсініктерін қалыптастыру: баланы үлкенді сыйлау, жауапкершілік сезімдерін дамыту, қоғамдық орында өзін ұстай білу ережесін үйрету, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p>Сауат ашу негіздері. «Ұ дыбысы мен әрпі» Ұ дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұ дыбысы кездесетін сөз, ойлатып, оларға дыбыстық талдау жасатуға үйрету. Ұ дысын ауада жазып, көрсету.</p>	<p>Математика негіздері. «Көп бұрыштар» Көп бұрыштар туралы түсінік беру. Бұрыш, төрт бұрыш, бесбұрыш, алты бұрыштарды пішіндерді толықтырып, салуға көпбұрыштарды бір- бірінен ажыратуға үйрету. Жаратылыстану «Тірі және өлі табиғат» Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңдау. Сөздік логикалық қасиеттерін, ой-қиялдың, қызығушылық сезімін дамыту, өз ойларын толық жеткізе білу, дүние танымын кеңейтіп, табиғатты қорғауға адамгершілік қасиетке тәрбиелеу</p>	<p>Мүсіндеу «Тірі табиғат» (жануарлар, өсімдіктер) Балаларға өлі және тірі бабиғат туралы сурет бойынша әңгімелеу. Түрлі- түсті ермексаздардан жануарламен өсімдіктерді мүсіндеп көрсету. Үлгіге қарап жануарлармен өсімдіктерді мүсіндеуге үйрету. Ұқыпты таза мүсіндеуге тәрбиелеу.</p>	

<p>Дене шынықтыру (2,5) Қауіпсіз мінез – құлық негіздері (0,5)</p>	<p>Сауат ашу негіздері (2) Көркем әдебиет (1) Сөйлеуді дамыту (1) Орыс тілі (1)</p>	<p>Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)</p>	<p>Жапсыру (1) Сурет салу (1) Мүсіндеу (1) Музыка (2)</p>	<p>Өзін - өзі тану (1)</p>
